

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

«Бекітемін»  
Жаратылыстану институтының  
академиялық сапа жөніндегі комитет  
төрағасы Н.А. Ахатаев  
«1 желтоқсан» 2023ж.



## ТҮЛЕК МОДЕЛІ

«7M01517 – Биология» магистратура білім беру бағдарламасы

Қызылорда қ, 2023

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе

- 1 БББ сипаттамасы
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
  - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
  - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
  - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
  - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы
  - 2.5 Маманның жеке қасиеттері

## КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие магистратура түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

### **1. Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектердің моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері**

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

#### **1 БББ сипаттамасы**

1. Білім беру саласының жіктелуі және коды: 7M01 - Педагогикалық ғалымдар;
2. Білім беру бағытының жіктелуі және коды: 7M015- Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау;
3. Білім беру бағдарламалары тобы: 7M015-Биология мұғалімдерін даярлау;
4. Кредит көлемі: 120 академиялық сағат;
5. Оқу формасы: күндізгі;
6. Оқу тілі: қазақ, орыс;
7. Берілетін академиялық дәреже: 7M01517-Биология " білім бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі;
8. білім беру бағдарламасының түрі: «7M015- Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау;
9. ХСБЖК деңгейі : 7
10. ҰБШ деңгейі: 7
11. СБШ деңгейі: 7

#### **2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары**

Инновациялық оқыту технологияларын қолдану арқылы теориялық, практикалық, эксперименттік биология саласында жүйеленген білімі, білігі мен дағдылары бар, еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті педагог-биологтарды даярлау.

#### **Білім беру бағдарламасының міндеттері:**

##### **Педагогикалық қызмет саласында:**

- Қоршаған орта туралы ғылыми білім жүйелерін пайдалану, әртүрлі көзқарастарды, мәдени әртүрлілікті қабылдау, тұрақты даму тұжырымдамасын білу және түсіну;
- Қазіргі заманғы, ғылыми негізделген оқыту технологиялары бойынша білім алушылардың, қажеттіліктеріне, жетістіктеріне сәйкес білім беру процесін жоспарлау және іске асыру;
- Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың әртүрлі құралдары мен критерийлерін қолдану (рефераттық хабарламалар, баяндамалар, тезистер, эсселер, портфолио және

т. б.);

- Ситуациялық негізделген проблемаларды шешу үшін қолданбалы ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру (басшылығымен);
- Білім беру бағдарламасын өз бетінше таңдау, оған дидактикалық материалды таңдау және әзірлеу, педагогикалық рефлексия негізінде оқу процесінде қолдану.
- Білім алушыларда демократиялық қоғамда өмір сүру үшін қажетті құндылық бағдарларын қалыптастыру: азаматтық және патриоттық нанымдар, толеранттылық, мәдени әртүрлілік, әлеуметтік құқықтар, инклюзияны қабылдау.
- Білім алушылардың қызметін жоспарлау, мониторингілеу және бағалау;
- Көпмәдениетті ортадағы қызмет және көпмәдениетті оқыту мен тәрбиелеу қағидаттарын іске асыру;
- Білім алушылардың әлеуметтенуі мен кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, оларды мамандықты саналы түрде таңдауға дайындау;
- Оқу үшін қауіпсіз (психологиялық, әлеуметтік және физикалық) білім беру ортасын құру, білім алушылардың әртүрлі жастағы дағдыларын қалыптастыру
- салауатты өмір салты, табиғатты қорғау, энергияны сақтау, табиғатты ұтымды пайдалану және климаттың өзгеруіне бейімделу.
- Бағдарламаның тақырыптары мен бөлімдерінің ерекшелігін ескере отырып және оқу жоспарына сәйкес пән (пән) бойынша оқу сабақтарын жоспарлау;
- Білім алушылардың рефлексия, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыру.

#### **Ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:**

- Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде нормативтік-құқықтық білімді пайдалану және этикалық принциптерді сақтау.
- Кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезінде орнықты даму қағидаттарын ескеру, білім беру процесінде білім алушылардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін сақтау бойынша жағдайлар жасау қабілеті.
- Кәсіби қызметтегі міндеттерді шешу үшін қоғамдық және білім беру ұйымдарымен, білім алушылар ұжымдарымен және ата-аналармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру. Педагогикалық процестің барлық субъектілерінің жағымды және сындарлы тұлғааралық қатынастарын ұйымдастыру.

#### **Кәсіби даму саласында:**

- Іс-әрекеттің кәсіби рефлексиясын жүргізу.
- Өткізілген кәсіби рефлексия негізінде өз дамуы бойынша міндеттер қою.
- Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуді және жеке өсуді жүзеге асыру, одан әрі білім беру траекториясы мен кәсіби мансапты жобалау.

## **2.2 Жалпы және бейіндік (кәсіби) құзіреттіліктері**

### **а) әмбебап:**

- жалпы ғылыми (ЖҒК):

- қоршаған орта туралы ғылыми білімнің тұтас жүйесін меңгерген, әлемнің заманауи тұжырымдамалары мен бейнесін, дүниетаным жүйесін, орны мен рөлін түсінеді
- адам табиғатта және қоғамда өмір, мәдениет құндылықтарын бағдарлай алады (ОК-1);
- білім алушылардың қажеттіліктеріне, заманауи, ғылыми негізделген оқыту технологиялары бойынша жетістіктеріне сәйкес білім беру процесін жоспарлауға және іске асыруға қабілетті (басшылықпен) (ОК-2);
- білім беру нәтижелерін болжауға, математикалық/ жаратылыстану/ әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың базалық ережелерін пайдалана отырып, оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізуге және бағалауға қабілетті (ОК-3);
- зерттеу жоспарын әзірлеуге және түзетуге, жиналған деректерді талдауға және түсіндіруге қабілетті, қолданбалы ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруға дайын ақпаратты қабылдауға, жалпылауға және талдауға, мақсат қоюға және оған жету (ОК-

4);

**б) кәсіби құзыреттер (КК):**

- кәсіби міндеттерді шешу үшін психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерді пайдалануға дайын және кәсіби қызметте педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін пайдалануға қабілетті (КК-1);
- әдістемелік мәселелерді шешу тәсілдерін (оқыту модельдері, әдістері, технологиялары мен тәсілдері) менгерген және оқыту сапасын бағалау технологияларын қолдануға қабілетті (КК-2);
- тұрақты даму (салауатты өмір салты, табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану, энергия тиімділігі, мәдени әртүрлілік, гендер, инклюзия және т. б.) үшін тұлғаға бағытталған білім беру және білім беру принциптеріне сәйкес білім беру процесі үшін оңтайлы жағдайларды қалыптастыруға қабілетті (КК-3);
- білім алушыларды әлеуметтендіру тәсілдерін, техникасын, әдістемесі мен тәсілдерін менгерген және білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасауға қабілетті (КК-4);
- білім беруді бағдарламаларын өз бетінше таңдай алады, оларға дидактикалық материалдарды таңдайды және оларды педагогикалық рефлексия негізінде оқу процесіне бейімделгеннен кейін қолдана алады (КК-5);
- бағдарлама бөлімдері тақырыбының ерекшелігін ескере отырып, оқу жоспарына сәйкес пән (пән) бойынша оқу сабақтарын жоспарлауға қабілетті (КК-6);
- оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қолдана отырып, педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қабілетті (КК - 7);
- биология, география, химия және физикадағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы жаратылыстану және нақты ғылым негіздерін қолдана алады (КК-8);
- қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды қолдана алады (КК-9);
- ата-аналармен, әріптестермен, әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылға дайын (КК-10);
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті (КК-11);
- органикалық әлемнің даму заңдылықтары және экожүйелік тәсіл туралы білімі бар (КК-12);
- жер эволюциясындағы бейорганикалық және органикалық жүйелердің орнын, литосфераның, гидросфераның және атмосфераның бірлігін түсінеді (КК-13);

**Оқытудың нәтижелері:**

**ОН1** Ғылым тарихы мен философиясындағы қазіргі тенденцияларды, биология тарихын және биологияның өзекті әдіснамалық және философиялық мәселелерін білу және түсіну.

**ОН2** Ғылым және инновация молулі: биологиялық объектілерді бақылау, сипаттау, сәйкестендіру, жіктеу, өсіру әдістерін қолданады; табиғи ортаның жай-күйін мониторингілеу, бағалау және тірі табиғатты қорғау принциптерін біледі, тиісті іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қатысады; биология және экология негіздерін оқыту және пікірталас жүргізе алады (белгіленген тәртіпте); ғылыми-зерттеу далалық және зертханалық биологиялық жұмыстарды орындау үшін қазіргі заманғы аппаратура мен жабдықтарды пайдалануға қабілетті; ғылыми-техникалық есептерді, шолуларды, талдамалық карталар мен түсіндірме жазбаларды жасау тәсілдерін практикада қолданады; алынған ақпаратты түсінеді, баяндайды және сыни талдайды және далалық және зертханалық биологиялық зерттеулердің нәтижелерін ұсынады.

**ОН3** Биологияның іргелі салалары, атап айтқанда физиология, эволюциялық биология, хронобиология, ботаника, зоология, экология, анатомияның қазіргі тенденциялары мен тұжырымдамаларын, өзекті проблемаларын білу мен түсінуді көрсету және оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау процесінде және кәсіби қызметте пайдалануға қабілеттілік.

**ОН4** Жоғары мектеп педагогикасын, білім беру саласындағы басқару психологиясын, өзінің педагогикалық қызметінде биологиялық-педагогикалық зерттеулер әдіснамасын және биологиялық білім берудің теориялық негіздерін білу мен түсінуді қолдана алады және меңгерген білімдерін ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау барысында қолдана алады.

**ОН5** Ақпараттық ресурстармен жұмыс жасай алу, ақпаратты іздестіру, өңдеу және жүйелеуге қабілеттілік.

**ОН6** Биологиялық статистика саласындағы қазіргі тенденциялар мен ұғымдарды білу және түсіну және биологиялық есептерді шеше білу. Биологиялық, педагогикалық зерттеу нәтижелерін статистикалық, графикалық өңдеуге қабілеттілік.

**ОН7** Қазіргі заманғы педагогикалық әдістерді, әдістемелерді, технологияларды және биологияны оқытудағы жаңа тәсілдерді талдайды және кәсіби қызметінде және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін пайдаланады.

**ОН8** Биологиялық білім берудегі құзіреттілік тәсіл әдіснамасын және құзіреттілік тәсіл жағдайында биологияны оқыту сапасын қамтамасыз ету тәсілдерін меңгерген, оларды кәсіби қызметте қолдана алады.

**ОН9** Онтогенездегі психофизиологиялық функциялар және дамуын, сенсорлық процестердің психофизиологиясын, танымдық процестердің психофизиологиясын, оқу еңбегінің гигиенасын, психогигиенаны білу және түсіну және білімдерін кәсіби қызметінде және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда пайдалану.

**ОН10** Жоғары мектепте биология оқытушысының оқу-әдістемелік жұмыс дағдыларын меңгерген, білім беру саласының нормативтік құжаттарына сәйкес кәсіби қызметке дайындығын және білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес орта мектепте және ЖОО-да Биология білім беру бағдарламасын жобалау қабілетін көрсетеді.

**7M01517 – «Биология» білім беру бағдарлама бойынша оқыту нәтижелері мен қалыптасатын құзыреттіліктері арақатынасының матрицасы/**

<b>Құзыреттілік</b>	<b>ON1</b>	<b>ON 2</b>	<b>ON 3</b>	<b>ON 4</b>	<b>ON 5</b>	<b>ON 6</b>	<b>ON 7</b>	<b>ON 8</b>	<b>ON 9</b>	<b>ON 10</b>
ЖҚ1	+									
ЖҚ 2		+								
ЖҚ 3										
ЖҚ 4		+		+			+	+	+	
КҚ1	+		+						+	
КҚ2	+		+		+					
КҚ4	+		+		+			+		
КҚ5			+		+	+				
КҚ6				+	+	+				+
КҚ7	+		+		+		+			+
КҚ8	+		+						+	
КҚ9	+		+						+	+
КҚ10			+						+	+
КҚ11			+		+					
КҚ12	+	+	+						+	
КҚ13			+	+	+					
	+				+	+				

## **2.5. 7M01517-Биология бойынша маманның жеке қасиеттері.**

*Біліктіліктер мен қызметтер тізбесі, берілетін дәреже (бакалавр, магистр) туралы ақпараттар, сондай-ақ БББ бітіруші айналыса алатын қызметтердің атауы:* Оқытушыға ассистент, ғылыми қызметкер, педагогикалық бейіндегі ғылыми-зерттеу институттары мен университеттердің ғылыми тобының жетекшісі; жоғары оқу орнының, орта кәсіптік оқу орындарының оқытушысы, мемлекеттік білім беру қызметтерінің бөлімдері мен бөлімшелерінің жетекшісі.

*Кәсіби қызмет саласы:* Білім беру саласы.

*Кәсіби қызмет түрлері:* Білім беру (педагогикалық), әдістемелік; ұйымдастыру және басқару қызметі; зерттеу.

*Кәсіби қызмет функциялары:* 7M01517- "Биология" мамандығының магистрлері келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- түрлі оқу орындарында (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, жоғары оқу орындары) биология мұғалімі ретінде білім беру (педагогикалық) жұмысы);

- *білім беру* (педагогикалық) әр түрлі оқу орындарында биология мұғалімі ретінде жұмыс (мектептер, гимназия, лицей, колледждер және т. б.) Үш тілді меңгеру;

- *ғылыми-зерттеу:* әртүрлі ұйымдарда (ботаника, зоология, анатомия, физиология, биохимия, генетика, биотехнология және т. б.) профильді пәндер бойынша ғылыми зерттеулерді орындау.);

-*мамандандырылған мекемелердегі табиғатты қорғау қызметі* (қаумалдар, қорықтар және табиғи парктер, хайуанаттар бақтары, өсімдіктерді қорғау станциялары, санитарлық-эпидемиологиялық және обаға қарсы станциялар, селекциялық және сорт сынау станциялары, ботаникалық бақтар, дендрариялар, табиғат мұражайлары);

- *семинарлар мен конференцияларды ұйымдастырудағы әдістемелік қызмет;*

әдістемелік материалдарды жариялауға дайындау; нормативтік әдістемелік құжаттарды дайындау.

*БББ айрықша ерекшеліктері:* Жоғары кадрлық әлеует, шетелде ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндігі, таңдау бойынша курстардың үлкен портфелі, облыстың ЖОО, білім беру мекемелеріндегі педагогикалық тәжірибеден өту, кәсіби дағдылар тренингтері, Кәсіби шет тілін оқу.